

Сенсорлық бөлме

Дайындаған: Тұрғын Аяжан

Сенсорлық бөлме (психолог маманмен қарым-қатынас жасау, сергу, «снuzмин» бөлмесі яғни, голланд тілінен аударғанда «қалғу» (мүлгу), мультисенсорлық – бұл түрлі ынталандыру түрлерімен толықтырылған қоршаған ортаны ерекше көркемдеп ұйымдастырылған бөлме. Бөлменің аурасы көру, есіту, иіс сезу, түйсіну т.с.с. мүшелерге әсер етеді.



Сенсорлық кабинет не үшін қажет:

Сенсорлық бөлмедегі ойындар өте белсенді және тынымсыз балаларда жақсы сезімдік күйдің масаттану, таңдану, қуану сияқты қабілеттердің қалыптасуына әсер етеді.



Сенсорлық бөлмеде нелер болады?

Психологиялық сергітудің сенсорлық бөлмесі – бұл түрлі ынталандыру түрлерінен тұратын, жұлдызды аспан немесе сарқырама және көпіршікті тізбек сияқты әсер ететін қоршаған орта. Сенсорлық бөлмедегі мұндай жабдықтар адамның психологиялық жағдайына үлкен жағымды әсерін тигізеді. Сенсорлық бөлмеге ересектер әсіресе балалар немқұрайды қарай алмайды. Қазіргі психологиялық тәжірибеде сенсорлық бөлме ересектердің сергуі мен демалысы үшін, ал балалардың тірек-қозғаушы аппараттарына жақсы қолдау көрсету үшін пайдаланылады. Сондықтан сенсорлық бөлмені психологиялық сергіту бөлмесі деп атайды.




Жұмсақ форма “Домалақ пуфик”



Жұмсақ форма “Остров”



Жұмсақ комплекс “Ромашка”



Терапиялық кресло-кубик



**Детская сенсорная дорожка
(АЛ 415)**



**Балалар құрастырмалы креслосы
«Трансформер»**



**Ауалы-көпіршікті интербелсенді
басқару пульті бар түтікше
«Ручейка»**



**Ауалы-көпіршікті интербелсенді
басқару пульті бар түтікше
«Радуга»**



**Ауалы-көпіршікті интербелсенді
басқару пульті бар түтікше
“Вдохновение”**



**Ауалы-көпіршікті интербелсенді
басқару пульті бар түтікше
“Настроение”**



Интербелсенді құрғақ бассейнге арналған акрильді айна



Айнасы бар жұмсақ ойын тумбасы



Құрғақ бассейн



Фиброоптикалық талшықтар




Фиброоптикалық перде



**Фиброоптикалық жіптері бар
айналы панно. “Разноцветный
дождь”**



Фиброоптикалық тоннель



**Панель “Цветные фигуры-4”,
“Цветные фигуры-8”**




**Фиброоптикалық кілем
“Млечный путь”**



Айналы шар

Алматы қаласы бойынша сенсорлық бөлмелер

Алматы қаласының №2 балалар шипажайында «сенсорлық бөлме» пайда болды. Сенсорлық бөлмені мамандардың өздері «дәрігер бөлме» деп атайды. Арнайы іріктелген түс гаммасы, жұмсақ жарық, жайлы отырғыштар, баяу әуен мен жарық эффектілерінің есебінен тыныштық пен жарастық сезімі туындайды. «Сенсорлық бөлмені» ашу үшін қажетті жабдықты «АЯЛА» қайырымдылық Қоры Милосердие Қорымен бірлесе отырып сатып алды.





№3 Сәбилер үйіндегі тәрбиеленушілердің көбісі дерлік, орталық және периферикалық жүйке жүйесінде әртүрлі ауыр ауытқулары бар балалар. Сенсорлық бөлме, жиһаз, жарық, ойыншық және дыбыс арқылы дайындалған арнайы орта жан тыныштандыра отырып, жүйке жүйесінде жаңа жасушааралық байланыстарды құратын, қоршаған орта болып табылады. Бұл, неврологиялық патологияның емінде өте маңызды. АЯЛА қорымының Алматы қаласындағы балалар медицина мекемесінде орнатып отырған екінші сенсорлық бөлмесі. Сенсорлық бөлмені құруға «Бөбек» қоры және Сара Алпысқызы Назарбаева ханым көмек көрсеткен. Аталмыш жобаның іске асуы үшін, еліміздің бірінші ханымы тарапынан ұйымдастырылған мерейтойлық қайырымдылық кешінен жиналған қаржыдан, 1 миллионға жуық қаражат бөлінді. Сенсорлық бөлмені салтанатты түрде табысталды.



«№2 балалар санаторийі» МКҚК Алматы қаласының Әуезов ауданында орналасқан.

Санаторий неврологиялық профильдегі 3 жастан 7 жасқа дейінгі балаларға қызмет көрсетеді.

Санаторийде сенсорлық бөлме жұмыс істейді, мұнда сөйлеуін түзетуге мұқтаж болып отырған балаларда логопедпен жеке және топтық сабақтар өткізіледі

Алматы қаласындағы сөйлеу қабілеті төмен балаларға арналған №9 арнаулы (түзету) мектеп-интернатында бүлдіршіндерге медициналық және білім беру мекемелеріне сенсорлық бөлме, ойын және спорт алаңы, компьютер мен интерактивті тақта секілді жабдықтар сатып алуға арналған сертификат тапсыру рәсімі өтті. Бұл қайырымдылық шараны ұйымдастыруға «Аяла» қайырымдылық қорына «Шеврон» компаниясы қолдау көрсетті.

Республикалық балалық клиникалық «Ақсай» ауруханасында біздің қор салып берген кезекті сенсорлық бөлме ашылды. Бұның болуы «Мамамия» және «Ciao pizza» мейрамханалар желісінің қолдауының арқасында мүмкін болды. Бұл жобаның бағасы ғимаратты жөндеумен бірге 2 455 000 теңге. Бұл бөлмеде бірден бірнеше сезім органдары жұмыс істеледі – тактильді, есту, көру жүйесі, және тепе-теңдік, логика мен қозғалу аппараты